

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі

КУРСТЫҚ ЖҰМЫС

Тақырыбы: Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудағы жаңа
әдістемелері»

Орындаған: _____

Қабылдаған: _____

Астана 2008

<https://www.topreferat.com>

Ж О С П А Р

КІРІСПЕ.....	3
I-Бөлім. ОРТА ДЕНГЕЙДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЖОБАЛЫ ӘДІСТЕРІ	
1.1 Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың әдістері.....	5
1.2 Орта деңгейде ағылшын тілінде ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауға үйрету.....	11
II-Бөлім. ОРТА ДЕНГЕЙДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ОСЫ ЗАМАНҒЫ ӘДІСТЕРІ	
2.1 Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың интерактивтік әдісі.....	17
2.2 Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың үлгілеу әдісі.....	18
2.3 Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың осы замандық әдістемесіне сипаттама.....	20
III. ОРТА ДЕНГЕЙДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕЛЕРІНІҢ ӨМІРДЕГІ ҚОЛДАНЫСЫ.....	25
ҚОРТЫНДЫ.....	31
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	32

Кіріспе

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының мектептік білім беру саласында ағылшын тілдерін оқып-үйренуге деген ықылас арда түсуде. Осыған байланысты қазіргі қоғам шетел тілдерін меңгеру дәрежесіне күннен күнге көтерілді талаптар жоюда.

Ағылшын тілдерін мектепте оқытудың негізгі мақсаты, оқушылардың шетел тілін ауызша және жазбаша қатынас құралы есебінде пайдалана алу қабілеттерін дамытуда, яғни өздерінің төл мәдениетін тілін оқып-үйреніп отырған елдің мәдениетімен салыстыра алу да, әр түрлі әлеуметтік орталарда қабылданған және қолданылып келе жатқан мәдениеттердің, нормалардың, міндеттер мен құқықтардың ерекшеліктері мен ортақ белгілерін ажыратып отыруда жатыр.

Оқытуда қолданылатын әдістер оқушылардың тұрғасына әсер етеді, олардың сөйлеу, тәпшімдік, шығармашылық қабілеттерін қысқалтадырады, сыныпта жұмыс істеудің әр түрін қамтитын (жеке, топтық және ұтымдық) жағдайлар туғызады, оқушылардың белсенділігі мен дербестігін арттырады.

Әдістеменің ғылым ретінде сипат алуындағы алғашқы бағыттар Б.В.Белжектің есімімен ұштасады. Ол әдістемені қолданбалы психология саласына тейді. Алайда, аудитория жұмысына сай іс әдістерін қолданудағы айырмашылықтар, материалдарды сараптау - методиканың басты мәселесі болған. Сондықтан әдістеменің бұл анықтамасы кең жайылған жоқ.

XX ғасырдың басында бір мәселе өткір тұрды. Ол – **жабалы әдістеменің мәселесі**. Бұл - заңды құбылыс. Өйткені, Қазан төңкерісінен кейінгі «жаңа» мектептер жаңа әдістердің болуын тіледі. Сол кезеңдерде тікелей (натуралды) әдіс насихатталды. Ол тәсіл пәнді ағылшын сөздерімен байланыстыратын тура принцип негізінде пайда болды. Бұл ағылшын тілін үйренудің еркін (ассоциативті) әдісі еді.

Батыста аралас әдістеменің идеясы туындап жатқан шақта, нәтижесінде тікелей әдіс насихатталды? Алдымен, патшажан бағынышты оқу орындарында жай жаттауға негізделген мәтіндік аударма мен грамматикалық аударма

әдістері үстемдік етті. Осыған жататын тікелей әдіс барынша озық сипатта болды.

Екіншіден, сол уақыттағы тікелей әдіс қарым-қатынасқа зәлмдеуді көздеді.

Үшіншіден, I дүниежүзілік соғыстан кейінгі Батыста бастау алған өзге тәсілдерде қарастырылған ұсынымдармен біздің педагог-әдіскер ғалымдар таныс емес еді.

Бұдан бөлек, көптеген методистер мен мұғалімдер үшін тікелей әдіс жаңа, еліктіргіш болып саналды. Олар оның тиімділігіне шынайылықпен иланды.

Заман ағылына қарай тікелей әдіске енгізілген өзгерістер педагогикада туындаған прогрессивті идеялармен терең байланысты.

Көп ұзалмай шетел тілдерін оқытудың салыстырмалы әдісі қалыптасты. Бұл әдіс бойынша шетел тілін үйрету ана тілмен салыстыру негізінде жүргізіледі. Осы әдістің негізін қалаған - педагог ғалым Л. В. Щербу.

Мұның ізін ала тікелей және салыстырмалы әдістерді қиыстыру арқылы аралас әдіс пайда болды.

Бара-бара ағылшын тілін оқытудың мақсаттары мен оны меңгертуге деген талап өзгерді. Сөйтіп ағылшын тілін оқыту жүйесі күзделіске ұшырады.

Дағдарыс жағдайы әрдайым түбегейлі өзгерісті талап етеді. Осындай, озық идеялардың жеткіліксіздігі жағдайында коммуникативті оқыту тәсілі жетілдірілді. Дағдарыс нәтижесінде әдістемелік іздестіру жандандырылып, шетел тілін оқытудың заманауи әдістемелік тұжырымдамасы дами түсті. Олар: коммуникативті, интегративті, іс-әрекеттік және басқалар.

Қазіргі таңда байланыс пен шығармашылық оқытуға негізделген коммуникативті-бағдарлау әдістемесінің орны бөлек.

Ағылшын тілін оқыту әдістемесі әрдайым толықтырылуы, дамытылуы тиіс. Жалпы осы қурыстық жұмыста «Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың жобалы әдістеріне» тереңірек тоқталынады.

I. ОРТА ДЕНГЕЙДЕ АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЖОБАЛЫ ӘДІСТЕРІ

1.1 Орта деңгейде ағылшын тілі оқытудың әдістері

Ағылшын тілі — Үнді-Еуропалық тілдер жанұясының батыс герман тобына жататын тілі. Герман тобына ағылшын тілінен басқа неміс, норвег, швед, нидерланд және өзге де тілдер жатады. Ағылшын тілі ежелгі тіл болып есептеледі, ол қазіргі Ұлыбритания аумағын ежелден басып алған Англо-Саксондардың тілі, бірақ жауланған келтілердің тілдері әсерін тигізген.

Осыдан 300 жыл бұрын ағылшын тілінің жалғыз ғана нұсқасы болған еді. Ол алғаш Британияда қалыптасты. Бұдан соң ағылшын тілі Америка, Австралия, Жаңа Зеландия, Индия, Азия және Африка халықтарының ортақ тіліне айналды. Бірақ, осы аталған елдерде ағылшын тілі әр түрлі деңгейде дамыды, жетілді, толықты, байыды.

Ағылшын тілі - дүниежүзілік тіл немесе халықаралық тіл. Бірақ, алғаш рет отарлауды бастаған голланддықтар мен испандықтар. Ал олардың тілі неге әлемдік тілге айналмады? Өйткені голландықтар «біздің тіл көркем, әуезді, сендер грамматиканы білмейсіңдер, тілді бұзасыңдар», – деп отар елдерді өз тілінде сөйлетпей қойған. Ағылшындар «қалай сөйлесендер де өздерің біліңдер, біз ақпаратты түсінсек болды», – деген. Ағылшын тілінің грамматикасы екі септіктен тұрады. Сондықтан сөйлеуі - жеңілдеу, бірақ жазылуы - күрделі.

Ұлттық география қоғамының деректері бойынша әлем халықтарының 70 проценті бар болғаны қырық тілде ғана сөйлейді екен. Әлемдегі ең көп тарған әрі қытай тілінен кейінгі халық саны бойынша ең көп пайдаланатын тіл - ағылшын. Ағылшын тілі Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия, Австралия және басқа елдерде ана тілі болып есептеледі. Одан басқа көптеген мемлекеттердің ресми тілі болып саналады. Қазіргі қоғамда «ең сәнді» болып келетін ағылшын тілінің Америкалық ағылшын, Канадалық ағылшын, Австралиялық ағылшын, Жаңа Зеландиялық ағылшын

секілді түрлерінен басқа олардан астам диалектілік түрлері бар. Бірақ олар бір-біріне ұжамайды.

Жуықта елімізде Мемлекет Басшысының жетекшілігімен «тілдердің үш тұғырлығы» тұжырымдамасы әзірленді. Өз мемлекетінің тілін біту - әрбір азаматтың борышы. Орыс тілін біту де қосымша дәлелдеуді қажет етпейді, ол Біріккен Ұлттар Ұйымында жұмыс тілі бола отырып, ұлттаралық қатынас құралы ретінде маңызды рөл атқарады. Әлемде 250 миллионға жуық адам орыс тілінде сөйлейді. Бүгінгі күні ағылшын тілін оқып-үйрену аса маңызды қажеттілік болып табылады. Өйткені ол, шын мәнінде, әлемдік тілге айналып кетті. Ағылшын тілін меңгермей, жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы айту мүмкін емес. Сондықтан қазір қытайлықтардың өзі де ағылшын тілін бар ынтасымен оқып-үйренуде.

Ағылшын тілі — БҰҰ-ның негізгі алты тілдің бірі болып саналады.

Ағылшын тілі мәні мектепте білім, тәрбие берумен қатар жасөспірілдердің жеке бас қасиеттерін тұта ретінде жетілдіруде, қоғамдағы өз орнын табуға ерекше ықпал етеді.

Ағылшын тілі пәнінің басты міндеті - шәкірттердің тілдік қарым-қатынас жасай алу біліктілігін жетілдіру.

Орта деңгейде ағылшын тілін оқыту барысында белгілі бір әдістемені қолдану әр түрлі шарттарға байланысты. Ол шарттардың ең бастысы ағылшын тілін оқытудың алдына қойылатын мақсат. Сонымен қатар ағылшын тілін оқып-үйренуге бөлінген уақыт, сжат саны да белгілі бір әдістемені қолдануға ықпал етеді. Шет ел тілін оқып-үйретуде шәкірттердің жас ерекшелігі де әдістеме таңдауда ескерілуге тиіс.

Оқыту шарттарының ішінде оқыту мақсаты аса маңызды рөл атқарады. Қоғамның дамуы, оның басқа елдермен саяси, шаруашылық және өзге де байланыстары аркел тілін оқытудың мақсаттарын анықтауға әкелей әсер етеді.

Осы замандық ағылшын тілін оқыту әдістерін салыстыра сипаттау өте маңызды. Өйткені блайда болған әрбір жаңа әдістің артықшылығы мен кемшілігі болуы заңды.

Сондай-ақ салыстыра сипаттау оқытушының таңдауы үшін де маңызды. Әдістердің түрі - сан алуан. Бір тәсілдердің өзгешеліктерін білмей отырып, оны таңдау қиынға соғады. Сондықтан да орта деңгейде ағылшын тілін оқыту әдістеріне сипаттама беру - тым өзекті.

Аталмыш зерттеудің міндеттері бүгінгі орта деңгейде ағылшын тілін оқыту әдістерінің негізін салған басты принциптерінен дараланып шыққан. Оқыту әдістері: Логикалық ойлау; Сатылау; Рольдік ойындар; Тізбектеу әдісі; Мәдени қарым-қатынас; Проблемалық оқыту, Медиация; Проекттілік (жобалау) әдісі; Мимика шабуыл; Анализдеу; Пікір таластыру; Шығармашылық қалыптасу әдісі; Болжам-Интерактивті әдістер; Көру, есту қиындатылдық; Коммуникативтік; Тәндім, Виталендік әдіс, Іс-әрекеттік және ағылшын тілінен (қашықтан) оқыту әдісі.

Адабиет тарихында білім берудің әр алуан әдіс-тәсілдері әзірленген. Ағылшын тілін оқытудың жолдары алдымен оқу мен аудармаға байланысты білім беру процесі аясындағы латын және грек тәрізді «әлі тілдерді» оқыту үшін әзірленген бағдарламалардан алынды.

Мұндай әдістің негізі XVIII ғасырдың аяғында қаланып, XX ғасырдың бел ортасында орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың «Grammar-translational method» (грамматикалық-аударма әдісі) атауымен ресімделді.

Орта деңгейде жоғарыдағы әдіске сай, тілді меңгеру үшін грамматика мен сөздікті меңгеру қажет болды. Ал мұны жетілдіру процесі біз грамматикалық құрылымнан келесіге қарай бағытталған жұмыс деп пайымдалды. Сөйтіп, осы тәсілмен оқытуды жоспарлаған оқытушы алдымен қандай грамматикалық құрылымды баяндауды ойластырады. Содан соң сол тақырыптарға орай жеке сөйлем мәтіндері жинақталады. Бұдан соң олардың аудармасы қамтылады, алдымен –ағылшын тілінен ана тіліне, кейін – керісінше.

Қолданысқа ертеден үргеніне қарамастан, бұл әдістің өзіне тән артықшылықтары бар. Біріншіден, ол грамматиканы жетік меңгеруді жол береді. Екіншіден, бұл тәсіл - тілді грамматикалық формулалардың қосындысы іспетін қабылдайтындарға, логикалық ойлау деңгейі тым жоғары жетілген азаматтарға әбден ыңғайлы. Шетел тілін үйретудің осы тәсілі 50 жылдардың аяғына дейін үстемдік етіп келді. Айта кететініміз, барлық данышпандар мен феноменальді білікті аудармашылар қазіргі кезеңге дейін осы әдіспен оқып үйренді.

50 жылдардың орта тұсында бұл тәсіл лингвистердің заман аяғына қарай қалыптастырған талабына толық жауап бере алмады. Соның нәтижесінде сан алуан әдіс-тәсілдер дүниеге келтірілді. Солардың бірқатарын сипаттап көрейік:

60 жылдары пайда болған орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың «Silent way» (үнсіздік әдісі) ағауына лайық, бұл әдістің ағылшын тілін игертудегі принципі - тіл үйренушіге кедергі келтірме әрі оған оқытушының көзқарасын араластырмау. Осы әдістеме бойынша оқытушы бастапқыда еш нәрсе айтпайды. Сөздің айтылуының кіші деңгейін оқыту барысында ол күрделі түрлі түсті таблицаларды қолданады. Кестедегі белгілер мен түстер белгілі бір дыбысты таңбалайды. Сөйтіп жаңа сөздер таныстырылады. Мәселен, «table» сөзін айту үшін алдымен «т», одан кейін «эй» дыбысының белгісі саналатын квадрат көрсетіледі. Осылайша, квадраттар мен түрлі таңбалар арқылы жасалған сабақтағы манипуляциямен оқыту ісі өз мақсатына сай ілгерілей береді.

Аталған әдістің артықшылықтары неде? Оқытушының тілді білу деңгейі оқушының тіл білу деңгейіне ықпал етпей, сөйте келе тілді оқушының оқытушыдан артық меңгеріп кететін кездері болады. Бұдан бөлек, оқу процесінде оқушы еркін сөйлеп үйренуге мәжбүр болады. Осы әдісіл жоғары технологияға құмар жандарға тым ыңғайлы.

Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың келесі тағы бір қызықты әдіс «Total-physical response» (физикалық сезіну әдісі) деп аталады. Бұл әдістің

негізгі ережесінде айтылғандар: Өзіңіздің белгілі бір себептермен өткізіл алған нәрселеріңізді түсінудің қажеті жоқ. Осы теорияға сай оқушы алғашқы сатысында ештеңе білмейді. Алдымен, ол жеткілікті деңгейде Білім алуы керек. Алғашқы жазырма сабақта оқушы үнемі ағылшын сөздерін тыңдайды. Ол не оқыса да, оқығаны жөнінде тіс жармайды. Содан соңғы оқу процесі - оқығанын не тыңдағанын қимылмен сезінетін кез. Физикалық қимылдарды білдіретін сөздер арқылы барлық сөздерді меңгеруге мүмкіндік туады. Мәселен, «тұр» деген сөзді түсініп, барлығы орындарынан тұрады, «отыр» дегенде олар отырады. Оқушы біраз мәлімет жинағанда барып (алдымен тыңдады, сосын қожалықта болды), ол сөйлеуге дайын бола бастайды. Бұл әдістің басымдығы, оқушы үйрену процесінде өзін өте жақты сезінеді. Керекті эффект адамның ауға тиісті ақпаратын жіберіп алу есебінен жетіледі. Тағы бір айта кететін, тілді үйрену үрдісінде келтірілген тәсіл бойынша оқушылар бір-бірімен қарым-қатынас жасай алады.

Орта деңгейде ағылшын тілін үйренудің ойға шығу («Suggesto refia») деп аталатын әдіске де көңіл бөліп орынады. Бұл тәсіл 70 жаздары қолданысқа енді. Бұл әдіске сай, ағылшын тілін мүлдем басқа адам бола отырып (әсіресе, үйрену кезеңінде) ұғынасың. Осындай жолмен тіл үйрену барысында топтағы барлық оқушылар өздеріне жаңа есім таңдап, жаңа өмірбаян ойлап табады. Осының нәтижесінде олар өздерін мүлдем басқа әлемде – зердеге тоқыған ағылшын әлемінде отырғандай күй кешеді, қызықты қиына беріледі. Мұның бәрі оқып-үйрену процесіндегі кез келген адамның көңінен кәсіп сөйлеріне әрі оның сөзі түсіндіруге барынша ұқсас болуына ұйғарылып жасалған.

Орта деңгейде ағылшын тілін үйренудің келесісі - аудиолингвистикалық әдіс («Audio-lingual method»). Ол 70 жаздардың аяғына қарай әзіл қылады. Оның жай-жапсары келесідей. Бірнеше кезеңде оқушы фонограммалардан немесе оқытушының түсіндірмесінен тыңдағанын бірнеше рет қайталайды. Одан соң, оған бір-екі фразаны (тіркесті) айтуға рұқсат етіледі, ал қалғандары да осы тәріздер қайталаулардан тұрады.

Орта деңгейде ағылшын тілін оқығудың 70 жылдары пайда болған тәсілдің бірі – коммуникативтік әдіс. Оның басты мақсаты – әңгімелесушілердің сөздері түсінікті болуы үшін адам баласын бір-бірімен қарым-қатынас жасауға үйрету. Коммуникативтік әдіс қазіргі таңда да жұмыс барысында жиі қолданыс тапқан. Осы замандық коммуникативтік әдіс - білім берудің әр алуан әдістемесінің даму жолынан өткен, ағылшын тілін үйретудегі бірқатар үлгілі тәсілдердің үйлесімді көрінісі.

Орта деңгейде ағылшын тілін оқығудың әдіссіз оқығу процесі мәселе асу мүмкін емес. Осы оқығу әдісі дегеніміз не? Орта деңгейде ағылшын тілін оқығудың оқығу әдісі – дидактиканың ең басты құрамды бөлігінің бірі. Оқығу әдістері білім берудің мазмұны сияқты, оқығудың жалпы мақсаттарымен және міндеттерімен анықталады. Оқығу процесінің нәтижелі және сапалы болуы оқығу әдістемесінің тиімді шығармашылықпен жүзеге асырылуына байланысты. Ол - мұғалім мен оқушының бірігіп жұмыс атқаруы. Оның арқасында білім, іскерлік, дағдының қалыптасуы, оқушының дүниетанымдылығы мен қабілеттілігінің артуы.

Тілді мектепте сөздік қордың бай болуы да маңызды мәселе.

Орта деңгейде ағылшын тілі сабағындағы сөздік қорды дамыту жұмыстары мынадай әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асады. Ол – сұрақ-жауап, сөйлесу, әңгімелесу, әңгіме, түсінгіні айтысу, көрнекілік, аударма, кітаппен жұмыс, мәтінмен жұмыс әдістері. Әр сабақ сайын тақырыпқа сай көрнекі құралдар, түрлі суреттер, кестелер, видео кассеталар, тақырыптар бойынша электронды оқулықтар мен сабақты көркемдеп отырса, оқушылардың сөздік қоры біршама толығады. Заман өзгерген сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып жатыр. Әр түрлі жаңа технологиялар тәжірибеде қолданылуда. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді. Тіл үйретудегі ең басты міндет – оқушылардың сөйлеу тілін жетілдіру. Олардың сөздік қорын дамытуға бағытталған әдістердің жалпы міндеті - сөздің мағынасын дұрыс түсініп, оны өз сөзінде дұрыс қолдану.

Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың тағы бір әдісі – түсіндіру әдісі. Жаңа сөз, сөз тіркесі, сөйлемдерді түсіндіруде қолданылады. Бабақ сайын үйретілетін жаңа сөздер бойынша, яғни сөздік жұмысында іске асады. Сондай-ақ ағылшын тілі грамматикасының кейбір ерекшеліктері түсіндіріледі.

Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың көрнекілік әдісі – сабақ сайын жүргізілетін әдіс. Басқа тілді үйретуде ең нәтижелі әрі жиі қолданылады. Көрнекілік тақырыпқа сай, көзге тартымды яғни эстетикалық талаптарға сай әрі екі немесе үш түстен болуы керек. Бұл әдістің сөздік қорды дамытуда орны бөлек.

Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың желісі әдісі – сұрақ-жауап әдісі. Бұл - балалардың тілін дамыту үшін маңызды әдістің бірі. Қай сынып болсын, сабақтың қай кезінде болсын қолдануға қолайлы. Өте белгілі де тымді әдіс.

Практикалық әдіске ойын элементтері бойынша тіл үйрену кіреді. Дидактикалық ойындар оқушылардың білімін бекітіп, сөздік қорын молайтады. Оқытушы ойынның тәртібін білмейтін балаға үйретеді, түсіндіреді. Оқушылармен түрлі әдеби-музыкалық ойындар өткізу – олардың сөйлеу машығын қалыптастыру үшін қажет. Оқушылар сөйлемді оқығанда сөйлеу дикциясын дұрыс келтіріп үйренеді. Рөлге бөліп ойнайтын ойын баланың ойын өз бетінше тұжырымдап айтуына көмектеседі.

1.2. Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың ауызша және жазбаша қарым-қатынас жасауға үйрету әдісі

Ауызша және жазбаша қарым-қатынас сөйлеу ерекшелігінің төрт түрінің – сөйлеу, есту, оқу және жазу – әрқайсысының ерекшеліктерін ескере отырып, бір-бірімен тығыз байланыста оқытуды қажет етеді. Бұл олардың әрқайсысының қызметінің негізі бірдей психикалық процестер мен психолингвистикалық заңдылықтарға құрылуына ғана байланысты емес. Қарым-қатынас барысында адамдар оқиды, оқығандарын талқылайды, оны

есінде жақсы сақтау үшін қажетті жазулар жазатын, сөйтіп керек болған жағдайда қажетті мәліметті қайтадан жаңғыртады. Басқаша айтқанда, нақты сөйлеу қарым-қатынасын жүзеге асырудың бұл әдістері бір-бірімен тығыз араласып жатады және олардың арасына, қандай да болмасын, белгілі бір шекара жүз келеді. Сондықтан да оқу процесінде сөйлеуге үйрену ауызша мәтінді түсіну қабілетін қалыптастырумен тығыз байланыста жүргізілуі қажет. Екінші жағынан, керісінше, белгілі бір мәтінді оқығаннан не тыңдағаннан кейін, оқушылар оның мазмұнын туралы (ауызша не жазбаша) өз пікірлерін білдіре алады, сонымен бірге ауызша әңгімелеу қажетті ақпараттарды жазбаша түрде белгілеумен ұштасып жатуы мүмкін. Сөйлеуге, оқуға, естуге және жазуға үйрету мәселелеріне саналы түрде қарау олардың әрқайсысының ерекшеліктерін ескере отырып, материалды өнімді түрде менгеру, сөйлеу әрекетінің оңтайлы және өнімді түрлерінің ерекшеліктерін ескеретін тең мағыналы жаттығуларды пайдалану, қарым-қатынастың ауызша және жазбаша түрлерін саралтау кезінде еске алынуы қажет.

Қазіргі кезде қарым-қатынас дегенді адамдардың бір-біріне белгілердің (соның ішінде, тілдік белгілердің) көмегімен белсенді түрде өзара әсер етуі, олардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыруы деп түсіндіріледі. Осыған байланысты қарым-қатынастың негізгі сипаттамаларын білу қажет.

1. Кез келген қарым-қатынас (тікелей немесе жанама) оның уәжі мен мақсатынан басталады, яғни не үшін айтылды, тыңдалды, оқылды, жазылды және нені көздейді.

Міне, сондықтан да оқу процесінде оқушылардың әрбір сөйлеу іс-әрекетіне тұрты болатын жағдаяттар жасау қажет. Оқушы өзінің сөйлеу әрекетінің мақсатын, оның ақырғы нәтижесін (егер ол осы сөзді айтып, жазып білдірсе, мәтінді тыңдаса не оқыса, қандай нәтижеге жететіндігі) анық болжауы қажет.

2. Қарым-қатынас – белгілі бір нәтижеге жетуге бағытталған жай ақпарат алмасу ғана емес, олардың мақсаты көбінесе "тілдік байланыссыз" сипаттағы

процеске қатысушылардың бір-біріне өзара белсенді әрекеті. Бұл жағдайда тіл осы өзара әсер етуші әрекеттердің құралысебінде қызмет атқарады.

Сондықтан да сабақта қарым-қатынас орнату барысында шетел тілін үйрену үрдісінен тек коммуникативті әрекеттерге ғана қатылып қоймай, сонымен бірге оқушылардың жеке басы үшін аса маңызды заттық-коммуникативтік (И. А. Зимняя) әрекеттің құралына да енгізген жөн.

3. Адамдардың өзара белсенді әрекеттерінің белгісі - олардың өзара әсері мен өзара түсінушілігі. Бірақ сөйлесу барысында олар толық қарым-қатынас орнатып, бірден бір-бірімен толық түсіністік таба алмайды. Бұған негізгі кедергі болатын жағдайлар - қарым-қатынас жасаушы адамдардың санасындағы әлеуметтік және психологиялық алшақтықтар, ал мәдениетаралық қарым-қатынастарда — мәдени кедергілер ("мәдени естен тану").

Оқушылардың қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамыту мақсатын қойған оқу процесінде оқушыларды шетел тілінде сөйлеушілермен қарым-қатынас жасау барысында өздерінің сөздерін дұрыс құрама ғана үйретіп қоймай, сонымен бірге олармен басқа мәдениет өкілдері ретінде өзара түсіністікке жетуді де үйрету қажет.

Орта дәрежеде ағылшын тілдерін оқытудың негізгі мақсаты — мәдениет-аралық қарым-қатынасқа деген қабілеттілікті дамыту - тек осы қарым-қатынастардың барысында ғана мүмкін. Яғни қарым-қатынас - алға қойылған мақсатқа жетудің құралы, оқыту құралы деген сөз.

Жоғарыда көрсетілген жағдайлардың шетел тілдерін оқыту барысында қалай іске асатындығын орта дәрежеде ағылшын тілін оқытудың дәстүрлі сабақ және көп қолданылатын бермейтін дәстүрлі емес, қарым-қатынас сабағы мысалында ("дөңгелек кестелі", КТК (КВН), білім эстафетасы) көрелік.

Дәстүрлі сабақ	Дәстүрлі емес сабақ (қарым-қатынас сабағы)
Сөйлеу уәжі	

Оқушылардың сөйлейтін себебі: мұны одан мұғалім талап етеді және олар жақсы бағалғысы келеді	Оқушылар қызықты (белгісіз бір нәрселерді хабарлау) білу үшін тыңдайды
Сөйлеу мақсаты	
Оқушылар қатесіз сөйлейді (не сөйлегісі келеді); мұндай жағдайда мұғалім негізгі назарды тілдік қателерге аударады; ең бастысы – жаттығуды, тапсырманы дұрыс орындау.	Оқушылар өздерінің білмейтіндерін білу үшін, өз жолдастарымен бір нәрселер туралы келісу үшін және ақпараттар алмасу мақсатында өздерінің жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады.
Сөйлеудің мазмұны	
Мұғалім, оқулық, оқушының не туралы айтуы керек екенін анықтайды; мұндай жағдайларда сөйлеудің мазмұны оқушының жеке басы үшін аса қажетті нәрсе емес. Мысалы: мәтінді сөзбе-сөз қайталап айтып беру.	Оқушылар сөз болып тұрған мәселелер жөнінде өздерінің көзқарастарын, ойын, пікірін мақсатын, т.б. білдіреді. Бұл жағдайда өздері аңғиме етіп тұрған мәселенің маңызы олар үшін белгілі, түсінікті әрі қызық.
Қарым-қатынас құралы	
Оқушылар толық сөйлемдер қолданады, мұндай жағдайда олар өздерінің басты мақсаты қате жібермеу деп есептейді.	Өз ойларын, тұжырымдары мен бағаларын оқушылар барлық қарым қатынас құралдарын қолдана отырып, оның ішінде ықп жасап, қолдарын сермеп сөйлейді.
Сабақты ұйымдастыру	
Бір мәселені, әдетте, бүкіл топ болып талқылайды; мұндай жағдайларда сөйлеп тұрған оқушының не айтып тұрғаны (мазмұны), тақырыбы	Сөйлеушілер бірін-бірі іздестіріп тыңдайды, бір-бірінің көздеріне тік қарайды; олар үшін қалай айтып тұрғаны емес, не туралы айтып

мұғалімнен басқаға қажет емес. Ол ең алдымен, не туралы айтып тұрғанына емес, қалай айтып тұрғанына және әңгіле аударалды	тұрғаны қажеттірек
---	--------------------

Тыңдауға үйрету мүмкіндігінше барлық сабақтарда үнемі және мақсатты түрде:

а) ауызша жаттығуларда жаңа сөздік-грамматикалық материалдарды меңгеру барысында;

ә) ауызша сөйлеу жаттығуларын орындау кездерінде;

б) мұғалімнің байланыстыру сөздерін, сөйлеу әрекеттерінің бір түрі есебінде арнайы шығарылған бейнефильмдер мен таспаға жазылған мәтіндерді тыңдағанда жүргізіледі. Ұсыну қарқынды - қалыпты. Контрастка қарап мағынасын жорамалдауға болатын таныс емес сөздердің көлемі 1%-тен аспауы қажет. Сақату мерзімінің ұзақтығы 2 минутқа дейін. Мұндай жағдайларда аудио-мәтіндермен жұмыс жүргізудің мынадай кезеңдерін ұсынуға болады:

1. Орта деңгейде мәтінмен танысар алдыңдағы кезең - тілдік және психологиялық қиыншылықтарды сөйлеп, мәтінмен жұмыс істеуге ыңғайлайды; оқушылардың жеке тәжірибелерін өзгертпейді, негізгі (тірек) сөздерге сүйене отырып, мәтіннің мағынасын жорамалдайды, мәтінге айдар тауып, суреттер ойластырады, т.б.

2. Орта деңгейде белгілі бір коммуникативті міндеттерді орындау мақсатымен мәтінді тыңдау: Listen to the text and say what it is about (бірінші рет тыңдау үшін); Listen to the text and fill in the scheme (grid) or answer the questions (Multiple choice).

3. Орта деңгейде ағылшын тілін оқығудың мәтінмен танысқаннан кейінгі кезең - мәтіннің мазмұнын оқушылардың өз ойларын ауызша және жазбаша түрде тұжырымдау қабілеттерін дамытуға пайдалану.

Бұл кезеңде ұсынылып отырған тапсырмалар репродуктивтік, репродуктивтік-продуктивтік және продуктивтік бағыттардағы елтілімдерді дамытуға бағытталған. Мәтінді тізбектеп айту; мәтінді одан әрі жалғастыру (ауызша және жазбаша); қызық/қызық емес жерлерін танылау; кейіпкерлердің іс-ерекеті мен оқиғаларды бағалау; пікір алмасулар; "дөңгелек үстелдер", рөлдік ойындар; сахнада драмалау.

Сөйлеуге, сөйлесуге үйрену диалог пен монологті қамтиды. Күймақалыптарды, қайта сұрау кезіндегі сұрақ түріндегі түрлі ескертпелерді, белгілі бір коммуникативтік (байланыстық) ықпалдарды (танысу, кеңесу, келісу-келіспеу, құттықтау, құттықтауларға жауап, шақыру, т.б.) білдіретін диалогтік бірліктерді толықтыра және анықтай отырып, әңгіме жүргізе білу қабілетін жетілдіре түседі.

Орта деңгейде анықтамалық тілін оқығудың монологтік сөйлеуге үйрету – сөйлеудің әңгімелеу, суреттеу, пайымдау сияқты түрлерін одан әрі дамыту бағытында жүргізіледі. Мысалға, кісінің сыртқы тәрізін, белгілі бір жерді, ауа райын, табиғат көріністерін, қала мен оның жерлерін сипаттауға үйрету жалғастырыла береді.

Оқумен жұмыс істеудің бірсыпыра ерекшеліктері бар.

Оқуға үйрету барысында оқушылардың мәтінде берілген ақпараттарды әр түрлі деңгейде түсіну қабілетіне қарай:

- мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуді (танысып оқу);
- мазмұнын толық түсінуді (түсініп оқу);
- қажетті ақпараттарды тыңдап алуды (ізденіп оқу) дамыту мақсат етіп қойылады.

Жазуға үйрету сөздік және грамматикалық материалдарды оқу барысында қалыптасқан орфографиялық дағдыларды бекітіп, одан әрі дамыту бағытында іске асырылады. Бұған орфографиялық ойындар (сөзжұлбақтар, сөз құрастыру, қалып кеткен сөздерді табу), оқыту және жаттығу сипаттарындағы сөздік диалогтарды үнемі жаздырып отыру, сөздік-грамматикалық тест (Бақылау) жұмыстары көп жәрдемін тигізеді.

ПАҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ОСЫ ЗАМАНҒЫ ӘДІСТЕРІ

2.1. Орта деңгейде ағылшын тілін оқытудың интерактивті әдісі

Интерактивтік деген сөз энциклопедияда көрсетілгендей, интеракция деген ұғымнан келіп шығады. Ал интеракция жеке индивидтардың, топтың, жұптың өзара біріккен әрекетке бір-біріне кезегімен әсер етуі. Жаңа педагогикалық технология оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігін арттыруға тікелей әсер етеді. Осы тұрғыдан қарағанда «Интерактивтік әдіс» маңызды орын алады. Бұл әдіспен оқытудың басты мақсаты – оқушыларды өз бетінше ой қорытып жауап табуға үйрету. Яғни, интерактивті тапсырманы орындау, процесті басқару және ойлау тәжірибесін дамыту және сол тәжірибелерді дамытуға бағытталуы болып табылады. Оқушыларды сабақ кезінде барынша белсенділік танытуға тарта отырып олардың сондай белсенділігін арттыруға мүмкіндік жасайтын әдістемелік амалдарды интерактивті деп атайды. Бұл әдіс, әсіресе, сұхбат кұруда оқушылардың белсенділігін арттырады. Бірігіп жұмыс істеуге үйретеді. Олардың ізденуің, шығармашылықпен әрекет етуің қамтамасыз етеді. Интеракция кезінде оқушылардың істі ұйымдастыра білу қабілеттері де көрінеді. Интерактивті әдіспен сабақ өткізу кезінде оқытушы кеңесші, серіктес рөлін атқарады. Ал топ белсенді түрде әрекет ете отырып, бірін-бірі қолдау, толықтыру арқылы сұхбат кұруға үйренеді. Екі оқушының сұхбатына үшіншісі де араласуына болады. Ол қарсы топтың оқушысы болуы да мүмкін.

Бұл әдістің негізгі мақсаты – оқу процесінің барлық сатысында біріккен әрекетке жағдай жасау. Әр оқушы жеке тапсырмамен жұмыс істей отырып, топ мүддесін ойлауға үйренеді. Әрқайсысы өз міндетіне жауапкершілікпен қарай отырып, ортақ нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады.

